

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ СОТЫ**КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ**

Минск қаласы

2021 жылғы 23 қараша

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

Төрағалық етуші судья Айриян Э.В.,

Баяндамашы судья Колос Д.Г.,

судьялар Ажибраимова А.М., Бәйішев Ж.Н., Нешатаева Т.Н., Сейтімова В.Х., Скрипкина Г.А., Туманян А.Э., Федорцов А.А., Чайка К.Л.,

сот отырысының хатшысы А.А. Пирожкиннің қатысуымен,

іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тындап, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73-75, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 14, 19, 72, 75, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 92-бабының ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша мынадай консультативтік қорытынды береді.

I.Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 92-бабының ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен (бұдан әрі тиісінше - түсіндіру туралы өтініш, Шарт, Одақ) жүгінді.

Комиссия Шарттың орындалуына мониторинг жүргізген кезде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының, Комиссияның пікірінше, мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген тауарларды басқа мүше мемлекеттерде өндірілген тауарларға қатысты да, сол сияқты Одақ нарығында айналыстағы және үшінші елдерде өндірілген тауарларға қатысты да кемсітушілікке әкеп соғатын шараларды енгізу жағдайларын анықтады. Үшінші елдердің тауарларына Одаққа мүше мемлекеттердің тауарлары алдында басымдық беру мысалдары бар.

Комиссиядағы талқылау барысында Одақтың өнеркәсіптік саясатындағы кемсітпеушілік қағидатын түсінуге деген екі көзқарас қалыптасты. Бірінші көзқарасқа сәйкес мүше мемлекеттердің жоғарыда көрсетілген шараларды қолдануы соның негізінде Шарттың 92-бабы 2-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясат жүзеге асырылатын кемсітпеушілік қағидатын бұзу болып табылады. Бұл ретте, осы қағидатты мүше мемлекеттерден шығатын тауарларға ғана бір-біріне қатысты қолдану, бірақ үшінші елдердің тауарларына қатысты қолданбау Шарттың 92-бабының

3-тармағында белгіленген мақсаттарға қайшы келеді деген позиция білдірілді. Ал мүше мемлекеттер тауарларының үшінші елдердің тауарларына қатысты кемсітпеушілігі Шарттың 92-бабының ережелерімен бекітілмегендіктен, екінші көзқарасқа сәйкес Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясат жүргізу кезінде мүше мемлекеттер бір-бірінің тауарларын ғана кемсітуге тиісті емес.

Осыған байланысты Комиссияда кемсітпеушілік қағидатын қолданудың шектерін (шекарасын): ол мүше мемлекеттердің Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясат жүргізу кезінде үшінші елдерде шығарылатын тауарлармен салыстырғанда мүше мемлекеттерде шығарылатын тауарларды кем түспейтін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін көздей ме деген мәселені айқындап алу қажеттігі туды.

Осымен қатар кемсітпеушілік қағидатының күші Еуразиялық үкіметаралық кеңес бекітетін өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыру кезінде мүше мемлекеттер қабылдайтын шараларға ғана қолданыла ма, болмаса мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік саясаты тұтастай алғанда кемсітпеушілік қағидатына негізделуге тиіс пе деген мәселеде де әркелкі түсіну бар.

Комиссияның пікірінше, Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырудың негізінде жататын кемсітпеушілік қағидаты мүше мемлекеттердің оны бізмәнді түсінуі мен қолдануы үшін Шартта жеткілікті дәрежесінде ашылмаған. Сол себепті біркелкі түсіну және Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру кезінде кемсітпеушілік қағидатын мүше мемлекеттердің сақтау немесе бұзу фактілерін бізмәнді белгілеу мүмкіндігі үшін көрсетілген қағидаттың қолданылуына жататын нақты жағдайларға қатысты оның құқықтық мазмұнын нақтылау талап етіледі.

Баяндалған негіздер бойынша Комиссия Соттан Шарттың 92-бабының нормаларын Шарттың өзге ережелерімен жүйелі өзара байланыста түсіндіру туралы мына мәселелер бойынша консультативтік қорытынды беруді сұрайды:

1) Шарттың 92-бабы 2-тармағының 4-тармақшасында бекітілген кемсітпеушілік қағидатының күші Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың барлық саласына, соның ішінде өнеркәсіптік субсидиялар беруге немесе Еуразиялық үкіметаралық кеңес бекітетін өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын іске асыру шеңберіндегі қатынастарға ғана қолданыла ма?

2) Шарттың 92-бабы 2-тармағының 4-тармақшасында бекітілген кемсітпеушілік қағидаты мүше мемлекеттердің Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясат жүргізу кезінде үшінші елдерде шығарылатын тауарлармен салыстырғанда мүше мемлекеттерде шығарылатын тауарларды кем түспейтін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерінің болуын көздей ме?

Соттың Үлкен алқасының 2021 жылғы 20 қыркүйектегі қаулысымен түсіндіру туралы өтініш іс жүргізуге қабылданды.

Консультативтік қорытындыны дайындау барысында Сот Комиссиядан, Қырғыз Республикасының Энергетика және өнеркәсіп министрлігінен, Ресей

Федерациясының Өнеркәсіп және сауда министрлігінен, Ереван мемлекеттік университетінен, Ресей Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институтынан, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтынан, Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан, Қазан (Приволжск) федералдық университетінен, Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университетінен, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтынан (университетінен), Саратов мемлекеттік заң академиясынан жауаптар алды.

II. Соттың тұжырымдары

Соттың құзыреті Шарттың ережелеріне, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді (Шартқа № 2 қосымша болып табылатын Сот Статутының 46-тармағы, бұдан әрі - Статут) өзіне кірістіреді.

Түсініктеме беруді жүзеге асырған кезде Сот:

- 1) халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларын;
- 2) Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және қатысушысы дау тарапы мемлекеті болып табылатын өзге де халықаралық шарттарды;
- 3) Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін;
- 4) құқықтық норма ретінде танылған жалпыға ортақ практиканың дәлелі ретінде халықаралық дәстүрді (Статуттың 50-тармағы) қолданады.

1. Шарт XXIV «Өнеркәсіп» бөлімін қамтиды, онда «Өнеркәсіптік саясат және ынтымақтастық» 92-бабы мен «Өнеркәсіптік субсидиялар» 93-бабы дербес құрылымдық элементтер болып табылады.

Шарттың 92-бабының мазмұнынан Одақ құқығының өнеркәсіптік саясаттың екі түрін - Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық өнеркәсіптік саясатын және Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты айырып көрсететіні айқындалады. Өтініш берушінің сұрағына жауап көрсетілген саясаттың әрқайсысының мазмұнын ұғындыруды және Шарттың XXIV «Өнеркәсіп» бөлімі реттейтін құқықтық қатынастарға байланысты шаралар қабылдау кезіндегі мүше мемлекеттердің дискрециясы дәрежесін айқындауды талап етеді.

Шарттың 92-бабының 1-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердегі ұлттық өнеркәсіптік саясат ұлттық заңнаманың нормаларына негізделеді және мүше мемлекеттер оны соның ішінде Шарттың 93-бабы мен Шартқа № 28 қосымша болып табылатын Өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары туралы хаттаманың (бұдан әрі - № 28 хаттама) талаптарын сақтай отырып іске асырады. Мәселен, Шарттың 93-бабының 1-тармағымен мүше мемлекеттер экономикаларының тұрақты және тиімді дамуы үшін жағдайларды, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы өзара сауда мен адал бәсекелестіктің дамуына ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында мүше мемлекеттердің аумақтарында өнеркәсіптік тауарларға қатысты, соның ішінде өнеркәсіп тауарларын өндірумен, өткізумен және тұтынумен тікелей

байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсынған немесе алған кезде субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары қолданылатыны көзделген (№ 28 хаттама).

Шарттың 93-бабының 1-тармағында тұжырымдалған мақсаттар Шарттың 3, 4-баптарында бекітілген Одақтың жұмыс істеу қағидадарымен және мақсаттарымен үйлеседі.

Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясат мүше мемлекеттердің дербес әрі Комиссияның консультативтік қолдау көрсетуіне және үйлестіруіне сүйеніп жүзеге асыратын өнеркәсіптік ынтымақтастығының негізгі бағыттары бойынша мүше мемлекеттердің қызметі ретінде нормативті айқындалған (Шартқа № 27 қосымша болып табылатын Өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы хаттаманың 1-тармағы).

Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты мүше мемлекеттер Үкіметаралық кеңес бекітетін өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары бойынша қалыптастырады (Шарттың 92-бабының 1-тармағының екінші абзацы). Мәселен, бүгінгі таңда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2021 жылғы 30 сәуірдегі «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамытудың 2025 жылға дейінгі негізгі бағыттары туралы» № 5 шешімі қолданылады.

Шарттың 92-бабының 2-тармағына сәйкес Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясат мына қағидадардың:

- 1) мүше мемлекеттердің тең құқылығы және ұлттық мүдделерін есепке алу;
- 2) өзара тиімділік;
- 3) адал бәсекелестік;
- 4) кемсітпеушілік;
- 5) транспаренттілік негізінде жүзеге асырылады.

Шартта Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясатты жүзеге асырудың мақсаттары (Шарттың 92-бабының 3-тармағы) айқындалған, оларға өнеркәсіптік дамуды жеделдету және оның орнықтылығын арттыру, мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инновациялық белсенділікті жоғарылатуға, өнеркәсіп саласында, соның ішінде мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларының қозғалысы жолындағы тосқауылдарды жоюға бағытталған тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыру жатады.

Шарттың 92-бабының 4 және 5-тармақтарында мүше мемлекеттердің Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін қабылдайтын шаралары, олардың ашық сипатқа ие тізбесі, сондай-ақ Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімі бойынша оларды іске асырудың тиісті тәртіптерін әзірлеу мүмкіндігі көзделген.

Соттың Үлкен алқасы Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясаттың қағидадарын, соның ішінде кемсітпеушілік қағидатын, сондай-ақ өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру мақсаттары мен аталған мақсаттарға қол жеткізу шараларын Одаққа мүше мемлекеттердің іске асырып жатқанына назар аударады.

Одақта жүргізілетін саясат түрлеріне негізделетін Шарттың XXIV

«Өнеркәсіп» бөлімінде реттелген мәселелер бойынша мүше мемлекеттердің дискрециясы дәрежесін айқындау кезінде Соттың Үлкен алқасы мыналарды атап көрсетеді.

Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес тараптар Одақ құрады, соның шеңберінде, өзгесін айтпағанда, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 2-бабына сәйкес бірыңғай саясат - мүше мемлекеттердің біріздендірілген құқықтық реттеуді, соның ішінде Одақ органдарының шешімдері негізінде қолдануын бағамдайтын саясат.

Үйлестірілген саясат - мүше мемлекеттердің ынтымақтастығын Одақ органдары шеңберінде мақұлданған, Одақтың Шартта көзделген мақсаттарына қол жеткізуі үшін қажетті ортақ тәсілдемелер негізінде жүзеге асыруды көздейтін саясат.

Келісілген саясат – мемлекеттер жүзеге асыратын, ұлттық құқықтық реттеуді үндестіруді бағамдайтын саясат.

Демек, Шарт көрсетілген саясат түрлерін іске асыру арқылы Одақта қатынастардың нақты салаларына байланысты интеграцияның әртүрлі дәрежесі қарастырылғанын көздейді.

Соттың Үлкен алқасы Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясаттың Одақта келісілген ортақ тәсілдемелер негізіндегі ынтымақтастық шеңберінде Комиссияның консультативтік қолдау көрсетуіне және үйлестіруіне сүйеніп, бірақ Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттарында баяндалғандарды ескере отырып жүзеге асырылатын үйлестірілген саясатты құрайтынын атап өтеді. Бұл ретте мүше мемлекеттер нақты мемлекеттің экономикасының мұқтажына бағдарланған ұлттық өнеркәсіптік саясатты дербес қалыптастырады.

Мүше мемлекеттердің ұлттық өнеркәсіптік саясаты шеңберіндегі субсидияларға қатысты келгенде, өнеркәсіптік субсидиялар берудің бірыңғай қағидалары - өзіндік ерекшелікті және тыйым салынған (біріздендірілген реттеу) субсидиялар қолданылады, Комиссияның мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидия беруін келісу, бір мүше мемлекеттің өзіндік ерекшелікті субсидия беруі басқа мүше мемлекеттің ұлттық экономика саласына залал келтіргенде талқылау өткізу және мүше мемлекет үшін міндетті шешім шығару, оны орындамау басқа мүше мемлекеттерге Сотқа жүгінуге құқық беретіні жөнінде өкілеттіктері бар (№ 28 хаттаманың 6-тармағы, 2017 жылғы 26 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік тауарларға қатысты өзіндік ерекшелікті субсидияларды Еуразиялық экономикалық комиссиямен ерікті түрде келісу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзіндік ерекшелікті субсидиялар беруіне байланысты Еуразиялық экономикалық комиссияның талқылаулар өткізу тәртібі туралы келісім).

2. Комиссияның өтінішінде айтылғандай, Шарттың 92-бабында кемсітпеушілік қағидатының мазмұны ашылмаған. Осыған байланысты Соттың Үлкен алқасы кемсітпеушілік қағидатының нормативтік мазмұнына

түсініктеме бере отырып, 1969 жылғы 23 мамырдағы халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының 1-тармағында бекітілген халықаралық шарттарды түсіндіру ережелерін ескереді, бұларға сәйкес шарт шарттың терминдеріне сол тұрғыда мән бере отырып, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарына орай әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуге тиіс.

Одақ шеңберіндегі онымен байланысты қатынастарға ықпалын тигізетін өнеркәсіптік саясат саласы үшін кемсітпеушілік қағидаты бекітілген (Шарттың 92-бабының 2-тармағының 4-тармақшасы).

Одақты өңірлік экономикалық интеграцияның тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысының төрт еркіндігімен кепілдік берілген (Шарттың 1-бабы), қағидаттардың, мақсаттардың және соларға сәйкес Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы нормалардың негізінде жұмыс істейтін халықаралық ұйым ретінде қарастыра отырып, Соттың Үлкен алқасы Одақта Шартта көзделген экономикалық қатынастарды реттеу кезінде адал бәсекелестік пен өзара сауда үшін негізінде кемсітпеушілік қағидаты жататын тең жағдайлар жасалуға тиіс деген тұжырымға келді.

Шарт жұмыс істеудің негізгі қағидаттарымен және мақсаттарымен қатар, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктің жұмыс істеуінің кемсітпеушілік жағдайларын тікелей немесе жанамамы белгілейтін нормаларды қамтиды.

Тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі өзара сауда үшін Шартта мүше мемлекеттердің кейбір жағдайларда, бірақ мұндай шаралар ақталмаған кемсітушілік құралы немесе сауданы жасырын шектеу болып табылмайтын кезде, шектеулерді қолдану құқығы көзделген (Шарттың 29-бабы). Сөйтіп, мүше мемлекеттердің шектеу шараларын қолдану мүмкіндігі кемсітпеушілік қағидатын сақтауға негізделген.

Тауарлардың сыртқы саудасында Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарында көзделген барынша қолайлылық режимін қолдану (Шарттың 34-бабы) сол жағдайларда және шарттарда 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (бұдан әрі - ТСБК 1994) ұғымындағы барынша қолайлылықтың қолданымды режимі ретінде белгіленген.

Шартқа № 31 қосымша болып табылатын және тиісті қатынастардың 2011 жылғы 19 мамырдағы Кеден одағының көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы шартпен реттелуін көздейтін Еуразиялық экономикалық одақтың көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы хаттаманы қоса, Дүниежүзілік сауда ұйымының нормаларын, қағидалары мен қағидаттарын, Шарттың өзге де нормаларын назарға алатын Шарттың кіріспесі мүше мемлекеттердің Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі міндеттемелерін Одақ құқығының танитынын айғақтайды.

2011 жылғы 19 мамырдағы Кеден одағының көпжақты сауда жүйесі шеңберінде жұмыс істеуі туралы шарттың кіріспесі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімі (1994 жылғы 15 сәуірде Марракеш

қаласында жасасылған) тұрғысында мүше мемлекеттердің сауда режимдерін түсіндіру қажеттігін көрсетуді қамтиды, мұның ажырамас бөлігі, оның II бабының 2-тармағына сәйкес, соның ішінде 1947 жылғы 30 қазандағы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің ережелерін өзіне кірістіретін ТСБК 1994 болып табылады.

ТСБК 1994 I бабына сәйкес ұлттың барынша қолайлылық режимі кез келген Уағдаласушы Тарап кез келген басқа елден шығатын немесе кез келген басқа елге арналған кез келген тауарға беретін кез келген басымдық, қолайлылық, артықшылық немесе иммунитет дереу және сөзсіз барлық басқа Уағдаласушы Тараптардың аумағынан шығарылатын немесе соған арналған ұқсас тауарға берілуге тиіс деп бағамдайды.

Осы ережеге сәйкес, Шарттың 34-бабына сүйене келіп, тауарлардың сыртқы саудасына қатысты ТСБК 1994 ұғымындағы барынша қолайлылық режимі қолданылады.

Баяндалғандарға байланысты Соттың Үлкен алқасы тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған кемсітпеушілік қағидаты мүше мемлекеттердің тауарларына үшінші елдерден шығарылатын тауарлармен салыстырғанда кем түспейтін қолайлы жағдайлар ұсынуға кепілдік береді деген тұжырымға келді.

Бұл ретте Соттың Үлкен алқасы мүше мемлекеттердің үшінші елдерден шығарылатын тауарлар үшін мүше мемлекеттердің тауарларымен салыстырғанда неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған шаралар қабылдауы Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарымен және мақсаттарымен үйлеспейді деп тиянақтайды.

3. Баяндалғанды ескере келіп, Соттың Үлкен алқасы Комиссияның сұрақтарына мынадай жауаптар ұсынады:

3.1. Шарттың 92-бабының 2-тармағының 4-тармақшасында бекітілген кемсітпеушілік қағидатының күші Одақ шеңберіндегі өнеркәсіптік ынтымақтастықтың барлық саласына қолданылады. Өнеркәсіптік субсидиялар Шарттың 93-бабында көзделген құқықтық реттеудің дербес саласы болып табылады.

3.2. Шарттың 92-бабының 2-тармағының 4-тармақшасында бекітілген кемсітпеушілік қағидаты Одаққа мүше мемлекеттердің мүше мемлекеттердің де, сол сияқты үшінші елдердің де өнеркәсіптік тауарларына барынша қолайлылық режимін қамтамасыз ету міндеттемелерінің бар болуын көздейді.

III. Қорытынды ережелер

Осы консультативтік қорытындының көшірмесі Комиссияға жіберілсін.

Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Э.В. Айриян

Судьялар

А.М. Ажибраимова
Ж.Н. Бәйішев
Д.Г. Колос
Т.Н. Нешатаева
В.Х. Сейтімова
Г.А. Скрипкина
А.Э. Туманян
А.А. Федорцов
К.Л. Чайка

Көшірмесі дұрыс:
баяндамашы судья

/Қолы/

Д.Г.Колос

Мөр: Еуразиялық экономикалық
одақ Соты * Минск